

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Кәсіпкерлік сектордың дамуына әсер ететін ауқымды бағыттың бірі – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік. Бұл мемлекеттік органдар мен жеке меншік сектордың ынтымақтастығы.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің негізгі міндеті — еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет пен кәсіпкерліктің өзара тиімді іс-қимылы үшін жағдай жасау. Сондай-ақ инфрақұрылымды және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік әріптес пен жеке әріптестің ресурстарын біріктіру арқылы мемлекеттің экономикасына инвестициялар тарту.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті жүзеге асырудың қажеттілігі Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында да көрініс тапқан. «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынған Елбасы туған жеріне қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым мен жастар өкілдерін қолдауға,

ынталандыруға шақырады. Мемлекет басшысының «Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын құруға болады» деп баяндағанына қарап, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады.

Біздің елдегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің дамуы 2005 жылдан, концессия схемасы бойынша екі жобаны іске асыру туралы Үкіметтің алғашқы қаулыларына қол қойған кезден бастау алады. Олардың нәтижесінде Ақтөбе облысында электр желілері және Шар станциясы – Өскемен теміржол қатынасы салынды.

Мұндай ынтымақтастықтан Ақтөбе облысы да шет қалмай, қоғам дамуына өз үлесін қосуда. Өңір бойынша



Марал МЫРЖЫҚБАЕВА

мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында денсаулық сақтау, білім беру салаларында көптеген жобалар жүзеге асырылуда және соңғы кезде коммуналдық шаруашылық, мәдениет, спорт салаларының жобаларына да көңіл бөлініп отыр.

Ақтөбе облысының білім беру саласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында шешімін тапқан әлеуметтік маңызы бар екі жобаны атап кетуге болады.

2016 жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика мектеп-интернаты ғимаратының мәселесі шешімін тапты. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы білім беру ұйымын орналастыруға арналған ғимарат 5 жыл мерзімге жалға алынды.





Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті «Ақбөбек» сауықтыру орталығы» ЖШС жүзеге асырып отыр. Нәтижесінде Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика мектеп-интернатын ғимаратпен қамту мүмкіндігі туды. Ғимарат оқушылардың білім алуына ыңғайлы сынып бөлмелерімен, зертханамен және облысымыздың шалғай аудандарынан келуші дарынды балалардың жатып оқуына арналған жатын бөлмелермен қамтылған.

Жобаны іске асыру оқушылар санын 166-дан 228-ге дейін көбейтуге мүмкіндік берді. Білім сапасы 91,8%-дан 98,3%-ға дейін жақсарды. Қосымша жұмыс орны ашылды.

Әріптестік аясындағы тағы бір жоба – мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған балабақша ғимараты. Жоба 2017 жылы жүзеге асырылып, балабақша ғимараты мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде облыстың коммуналдық меншігіне қабылданды. Ғимарат құрылысын 2016 жылы «Нектар» өндірістік кооперативі жүргізіп, қолданысқа

берді. Балабақша 320 орынға арналған. Ғимаратта бала тәрбиесіне қажетті барлық мүмкіндік қарастырылған, бас-сейнмен жабдықталған.

2017 жылы облыс бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен қамтылу көрсеткішін ескере отырып, «Нектар» өндірістік кооперативі тағы бір балабақша ашу жөнінде бастама көтерді. Ұсыныс Ақтөбе облысы әкімдігі тарапынан қолдау тапты.

Ақтөбе облысы бойынша бір мыңнан астам мүгедек бала мектепке дейінгі мекемеге барады. Балалар денсаулықтарына байланысты қарапайым бақшада тәрбиелене алмайды. Өңірге арнайы балабақша қажет болған соң, осындай шешім қабылданды. Жаңа балабақшада логопед, тифлопедагог, дефектолог-пси-

холог жұмыс істейді. Талап бойынша әр топта 8-12 бала тәрбиеленеді. Тілі мүкіс балалар үшін жеті топ, психологиялық дертке шалдыққан балаларға арнап екі топ ашылды. Сонымен қатар ақыл-есінің жетілуі тежелген, Даун синдромына шалдыққан балалар балабақшаға алынады.

Мұндай балабақша облыста алғаш рет ашылып отыр. Себебі бұған дейінгі балабақшалар бір бағыт бойынша, мәселен, тіл мүкістігі бар немесе көру мүмкіндігі шектелген балаларға арналса, бұл жерде әр түрлі сырқатқа шалдыққан балалар қабылданады.

Бүгінде аталған ғимаратта мүмкіндігі шектеулі 180 бала тәрбиеленуде. Сонымен қатар 130 жаңа жұмыс орны ашылды.

Ағымдағы жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында құны 750 млн.теңгені құрайтын «Хромтау қаласында 320 орындық балабақша салу және оған техникалық қызмет көрсету» жобасы мемлекеттің бастама-сымен жүзеге асырылып басталды.

Хромтау қаласы өңіріміздегі даму деңгейі жоғары қалалардың бірі, Дөңкен-байыту комбинаты орналасқан өндірістік шаһар аумағы жылдан-жылға ұлғаюда. Ондағы тұрғындар саны да жыл санап артып келеді. Аталған жоба қала бүлдіршіндерін мектепке дейінгі білім беру ұйымымен толық қамту мақсатында қолға алынды.

Бұл жобалар - Ақтөбе облысындағы мемлекет пен жеке кәсіпкерлердің өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешудегі ортақ, ұтымды ынтымақтастығының көрінісі.

Марал МЫРЖЫҚБАЕВА,
Ақтөбе облысының білім басқармасы басшысының орынбасары



АННОТАЦИЯ

Заместитель руководителя Управления образования Актюбинской области Марал Мыржыкбаева в своей статье рассказывает о реализуемых в регионе проектах в рамках государственно-частного партнерства в сфере образования. В качестве примера автор привела построенные в области детские школьные и дошкольные учреждения. Руководство региона и впредь намерено оказывать поддержку сотрудничеству бизнеса и государства в целях развития сферы образовательных услуг.